

АҚМЕШІТ

жастары

6+



Газеті 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 10 (443)
10 наурыз, 2022 жыл



Фархад ОРЫНБАСАР, жас кәсіпкер:

«Well coffee» – қала тұрғындарының сүйікті орны. Ондағы тыныштық пен әдемі дизайн келушінің кофеден асықпай дәм татып, демалуына жағдай жасайды. Осы аптада біз «Well coffee»-нің иесі Фархадпен бизнес және кофейня тақырыбында әңгіме өрбіттік.



– Фархад, «Well coffee» жобасы қалаға келіме бұрын, Қытайда кәсіп бастағаныңыздан хабардармыз. Әңгімемізді «аспан асты еліңдегі» кезеңдерден бастасақ, Қытай халқынан көп нерсе үйренген боларсыз...

– Қаладағы №101 мектепте білім алып жүрген уақытта физика-информатика тақырыбындағы ғылыми жобалар жазумен айналыстым. Ал мектеп бітірер тұста IT саласы бойынша Қытай халық республикасының білім грантын жеңіп алып, оқуға түстім. Қытайдың Ухань қаласында бес жылға созылған студенттік кезең басқа мәдениет, өзге орта болған соң керемет өтті деп айта аламын. Қытай халқы білімге өте құштар. Мысалы, ел ішінде кітапхана көп десек те, 11-20 қабаты кітапхананың өзінен орын табу қиын болатын. Қытайда жүрген кезімде біршама кәсіпорын, зауыттарда жұмыс жасап, бизнес модельдерді үйрене бастадым. Одан бөлек қайдан жүйесіне дағдыландым, себебі қытайлықтар жұмыс сапасы мен уақытқа аса қатты мән береді. Ухань қаласының өзінде 10 миллион халық тұрады, сондықтан бәсеке бізден әлдеқайда жоғары.

Кәсіп бастауда, жалпы қай істі болсын формула арқылы жасау керекін түсіндім. Мысалы, мектепте қанша жыл бойы ағылшын тілін оқысам да тіл үйрену деңгейім мақтанарлықтай болған емес. Бірақ Қытайға барған екі айда қытай тілін жетік меңгеріп алдым. Сонда түсінгенім, адам жаңа нәрсені үйрену үшін оған мәселе қажет. Адамға бір нәрсе шынымен қажет болса, ол мәселені мимен қоса жүректен қабылдайды. Осылай адам өзіне дағды қалыптастырып, білімді де тез сіңіре алады.

– «Well coffee»-ні идеядан бизнеске айналдыруыңызға не әсер етті? Қазір кофейналардың саны көбейгенін ескере отырып, «Well coffee»-нің артықшылығын сұрағым келіп отыр...

– Білім мен ғылым саласында жүрген соң шетелге шығуға, эксперимент жасауға инерция қажет болды. Ал бізде

оған қолдау көрсете алмайтын еді. Сондықтан кәсіп бастау қажеттілігі туындады. Екіншіден кофеңі ерекше жақсы көретін болған соң кофейня ашамын деп шештім.

«Well coffee»-ге дейін пластик жасап шығарумен айналыстым, одан бөлек мұғалімдерге информатика саласы бойынша курс өткіздім. Сол аралықта екі кітаптың авторы атандым. Біріншісі, қытай тіліндегі HSK тестін тапсыруға арналған 800 беттен тұратын сөздік жасап шығарды. Екінші кітап «Қытаймен бизнес» деп аталды. Алғашқы кезеңде Қытаймен бизнес жасаған соң, кәсіп бастаудың тиімді тұстарын, екі ел арасындағы нарық айырмашылығын және жас кәсіпкерлерге тиіс шаралар туралы бастапқы ережелермен белгілікті.

Кофейняға келген кезде де курс үйренбей-ақ, бизнес бағытын сұрастырып жүріп жұмысымды бастап кеттім. Себебі ағылшында «First fall» деген ұғым бар, яғни «бірінші құла, сонда ғана қателікті түсінесің» деген мағына береді.

Сол қағидаға сүйеніп, бизнеске тауысқан еттім. Қазір қалада кофейня саны көп болған соң, бәсекелестердің де болуы заңды. Бірақ мен бәсекелесі жоқ жерге барсам, ең қиыны сол болар еді. Өйткені бәсеке болған сайын нарықтағы айналым үлкейеді, соған сай сала да дами түседі. Бәсеке көбейген сайын тұтынушылардың кофеге деген қызығушылығы мен сұранысы артады. Мысалы, «Well coffee»-де қазір күніне орташа есеппен 40-50 кофе стакандары сатылады. Бірақ біз нарықта біріншіміз деп айта алмаймын. Бірінші орында «Global coffee» тұр, бізге нарықты солар ашып берді. Кофейнің қалаға келгеніне екі жыл болса да, халық тез үйренісіп кеткенін байқауға болады. Статистикаға қарасаңыз, 2018 жылы Дубайдан Қазақстанға 318 тонна кофе түйіршіктері экспортталған, ал биыл бұл көрсеткіш екі есеге көбейіп, 618 тоннаға жеткен. Бұл кофе сферасының дамып келе жатқанын көрсетеді.

Сондықтан алдағы уақытта аэропорт жағында орталық алаң аумағында кофейнялар ашу ойыңызда бар, қазір осы бағытта жұмыстар жүргізілуде.

«Well coffee»-ні көпшілік франшиза деп ойлайды, бірақ біз кофейняның дизайнын өзіміз жасадық. Кофейняны ашпаш бұрын өте көп анализ жасадық, жалпы жұмыстар үш айға созылды.

– Мұнда қойылған кітаптардың тақырыбы да, түрлі жанрда болуы да көпке ұнауда. Жалпы жақсы кітап адам ойымен қатар өмірін де өзгерте алады. Осы орайда өзіңізге айрықша әсер еткен кітаптар жайлы айтыңызшы...

– Иә, кофейняда келушіге барынша пайдалы болады-ау деген кітаптар қоюға тырыстық. «Қасым» баспасының, «Мазмун-дама»

қорының әдебиеттерінен бөлек, шетелдік әдебиеттер де тандалды. Мысалы, ол жерде адамдардың ойлау жүйесі туралы жазылған «Mindset» кітабы қойылған. Қазіргі қоғамда адамдар әр нәрсені бір ойлайтын болған соң өз бағытын таба алмауда. Адам кәсіп бастамас бұрын психологиялық тұрғыдан

бақытты болу керек, сонда ғана кәсібі нәтиже береді. Қазір көбісі бірінші табыс табайын, сосын бақытты боламын деп ойлайды. Бірақ мұндай қағида бойынша жүрген адамда деградация болады. Өйткені ол көп табыс табуды ғана ойлайды да, нәтиже қалағанындай болмаса өзін жоғалтып алады. «Mindset» кітабында автор ойлау жүйесін шектеулі және шектеусіз деп бөледі. Қазір қала халқы өте төмен деңгейде, яғни шектеулі түрде ойланады. Бұл дегеніміз көп адам белгілі бір қалыппен ғана өмір сүреді. Байқасаңыз, біздің ойлау жүйемізге сыртқы факторлар өте көп әсер етеді. Қазір ойлап қарасам, менің Қытайда өмір-еркін білім алып, кәсіп бастауымның бір себебі сыртқы фактордың аз болуында екен. Елшім мені жұмыс бермейді, өз уақытым өзімде. Өзім қаладан дүниені жасағандықтан менде жаңа нәрсені жасауға, үйренуге деген энергия пайда болатын.

– Қазір кофейня қызметінен бөлек, қандай жаңа жобаларды қолға алуудасыз?

– Кофейняның екінші нүктесін ашқалы бері бизнесте өзім жіберген қателіктер жайлы кітап жазудамын. Осы орайда форсайттық зерттеу жайлы айтуым келеді. Форсайт – әлеуметтік-экономикалық дамуды ұзақ мерзімді жоспарлау және әртүрлі факторлардың әсерін бағалау әдістемесі. Енергетиктің үлкен болжамын жасауға алғашқы әрекетті 1950 жылдары Rand корпорациясы жасады, кейінірек халқандар 1970 жылдан бастап әр бес жыл сайын технологияның даму болашағы туралы зерттеулер жүргізді. Форсайттық зерттеу барысында сіз бизнес идеяны тіркейсіз,



жылдар бойғы нәтижесін көрсетіп, архивке сақтап қоясыз. Негіз идея – керемет нәрсе. Қазір мендегі идеяны жүз жылдан кейін басқа адам ойлауы мүмкін. Сол кезде ол форсайттық зерттеуді білмесе, бизнес жолын қайта бастап, қателесуі мүмкін. Соның әсерінен мемлекет те жылдар бойы дамымайды. Қазір 3D принтер бағытын дамытумен қатар «Қытай тілін үйренудің ұтымды әдісі» атты әдістемелік құрал дайындаудамын. Сондай-ақ жастар үшін жұмыс жасайтын коворкинг орталығының жобасын жасаудамыз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

ҚАЛАМҒЕР БАЛА ДА, ДАНА ДА БОЛУЫ ШАРТ

Себебі тұлға ретінде әлемді қабылдау, жағдаяттарға өзіндік көзқарас қалыптастыру балалық шақтан басталады. Саналы, сауатты, еркін ойлай алатын бала – эволюцияның қозғалыс күші.



«Кітап адамға бір орында отырып-ақ саяхаттауға көмектеседі» дейді Бернард Вербер. Баланың дүниені тануына тікелей әсер етіп, өлемге алғашқы саяхат жасататын да кітап. Демек, балалар әдебиеті – тек балалар жұлдызында ғана емес, тұрақты түрде тоқсан сайын назарға алынуы керек маңызды мәселе.

кітап шығарып, аударма жасайтын нарықтық кезеңде, смартфонмен саусағымен

сілтгенге кез келген сұрақтың жауабы табыла кететін қолжетімділік барда баланың сұранысына сай, аш санасын тойдыра алатын, өзіндей мөлдір, таза дүние ұсыну қиынның қиыны. Балалар әдебиетін жазу баланың көзін қаламмен сызу секілді. Егер дұрыс жазса алмасак, қарашығын ағызып жібере аламыз...

Жақында әлеуметтік желілерде көпшіліктің талқысына түскен балабақшада жаттауға берілген өлең шумағын оқыған кез келген адам шошына қарайды.

Айналайын, анашым, Әлпештеген баласын. Еміп өскен бөбекпіз Анамыздың мамасын, – делінген онда. Мұны көрген ата-аналар мен әлеуметтік желі қолданушылары таңданысын жасыра алмады...

4 бетте




ТОП-10 КИНОПРЕМЬЕРА

5 бетте

ЖАҢАРМАҒЫН РЕКОРД

7 бетте

КӘСІП БАСТАМАС БҰРЫН БАҚЫТТЫ БОЛЫҢЫЗ!



ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА ЕРЕКШЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК

Мүгедектігі бар жандар қиындыққа қарамай іс бастап, қоғам дамуына қызмет етуде. Бүгінде олардың әрбірі туған жерді өркендету ісінде өзіндік қолтаңбасын қалдырып келеді. Жақында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ерекше жандардың орталықтарына барып, мәселесіне құлақ түріп, ашық пікірлесті.

Алдымен аймақ басшысы А.Иманов көшесінде орналасқан «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігіне барды. Орталық 2014 жылы грант ұтып, арнайы құрал-жабдықтармен толыққан. 16 адам қосымша жұмысқа тартылған. Ал 30-ға тарта азамат қайта даярлау тігін курсы оқып, сертификатқа ие болған. Қазіргі таңда орталық жанынан ашылған оқу-өндірістік кәсіпорнында тігін цехы мен картон етуге цехы жұмыс істеуде. Мекеме төрағасының

міндетін атқарушы Данияр Нұрымбетов облыс әкіміне осы өндірістерді таныстырып, ғимаратты



абаттандыру және қосымша құрылыс салу жұмыстарына қолдау көрсетуді сұрады. Өз кезегінде Гүлшара Наушақызы қападағы бірқатар кәсіпкерлерге орталықтың шағын көлемдегі



жөндеу жұмысына көмек көрсетуге ықпал жасауды жүктеді. Өрі қарай аймақ басшысы «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі құрған орталыққа келді. Арнайы орталық мүгедектігі бар азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетіп, психологиялық тренинг өткізіп, құқықтық кеңес береді.



жандардың әрбір ісін таныстырып, бастамаларын тізбектеп берді. Мұнда қолөнермен айналысып, төмен бағада шаштараз қызметін ұсынып, қыз келіншектердің сұранысына сай маникюр

де жасалады. Облыс әкімі осындай тапшыны ерек жандардың жұмысын көріп, олардың табанды ісі мен дамуға деген ұмтылысы көптеген азаматтарға үлгі-өнеге екенін жеткізді. Сондай-ақ ұсыныс-тілектерді ескеріп, әрбір бастамаға қолдау көрсетілетінін айтты.

Қазір қоғам деген құндылыққа селт етіп, сезім білдірмейтін жандар барын жасыра алмаймыз. Бул ұғымды жай ғана сөз деп қабылдап, астарында санжұлы тағдыр жатқанын және қалперге ілмейміз. Десе де, күлті көңілді сабырға жөңдіретін, тағдырға мойымай тіке тұрып, табандылық танытатын осындай жігерлі жандарды көргенде ой жетегіне ереріңіз анық. Олар тәуекелді ту өткендердің қатарында және олардың мақсатқа жету жолындағы еңбегі елге үлгі етуге тұрарлық.



шыққан танымал қыз-келіншектердің ғұмырнаамасын насихаттайтын баспа материалдары, ұлттық нышанымызды айғақтайтын дүниелер қойылды. Тұман талант иесі Роза Бағланованың келіні Марал Бағланова, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Жеңіс Ысқақова, Сыр өңірінің келіні, ҚР Мәдениет қайраткері Жазира Байырбекова секілді қонақтар шараның шырайын кіргізді.

Сан ғасырлық шежіресі бар Сыр өңірінде талай тарихтың куәсі болған ұлт пен ұлыстар бас қосқан. Ортақ

Смаханова да қатысушылар қатарынан табылды. Татар ұлтының өкілі Қызылордаға келін болып түскен. Бүгінде ол – 4 бала, 13 немере, 15 шөбересі бар асыл әже. – Жас күнімде қазақ деген ұлтты білмейтінмін. Жарыма деген махаббат мені Қызылордаға алып келді. Татарлар мен қазақтардың ұқсастығы өте көп. Сондықтан да мен қазақ тілін тез үйреніп алдым. Қайын атам елге сыйлы, көргенді азамат еді. Ағайындар арасында «өзге ұлттан келін алып жатыр» деген қаңқу сөзге тосқауыл қойып, «әлі-ақ менің келінім үлгілі келіндердің қатарынан табылады» дейтін. Мені сол сөз қанаттандырды, отбасымың атына кір келмеуі үшін қолымнан

келіндік қызметтен босатып, төрге шығарды. Мен қазақ халқының құрметіне, даналығына ризамын, – деді Раиса Смаханова.

Аймақтағы көпбалалы жас аналар, түрлі салада қызмет етіп жүрген келіншектер, ардагер аналар, «Мерейлі отбасы» ұлттық жобасының жеңімпаз отбасылары, аудандардан арнайы келген келіндер де төрден орын тауып, кеш қонағы болды. Шара барысында жас келіндерге арналған үндеу жарияланды. Сонымен қатар Сыр өңірінің мақтаншына айналған жандарды дүниеге әкелген қадірлі аналарға «Абзал ана» естелік белгісі табысталды.

Халқымыз салт-дәстүрді берік ұстанды. Бізде жөн-жоралғының маңызы зор.

ПАҰ-ПАҰ, ҚАЗАҚ ТЫҢ, КЕЛІНДЕРІ-АҰ!

Қазақтың келіндерін қалай мақтаса да жарасады. Олар ибалы, төрбиелі, үлкенге құрмет көрсете білетін кішіпейіл. Мұны кім болса да жоққа шығармайды және оған облыста өткен кезекті форум дәлел. Сөзбебі келтің келінінен шыққан келіндер форумы тағалымға толы. Ақын, педагог Сәнімкүл Желдербаеваның 90 жас мерейтойына

орайластырылған шараны облыстық ішкі саясат басқармасы, «Рухани жаңғыру» орталығы және облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия бірлесіп ұйымдастырды. Форумда Сыр өңірінен

мүдде, ортақ мақсатқа жұмылған өзге ұлт өкілдері мен қазақ шаңырағы бүгінде бір-бірімен құда-жеңжат болып араласуды. Бірі қазақтың келін алса, енді бірі қазақ шаңырағының түтінін түтетіп отыр. Осындай асыл аналардың бірі – Раиса

келгеннің бәрін істедім. Тынбай қазақтың салт-дәстүрін, тілін үйреніп, ағайынмен қарым, қатынасымыз жақсарттым. Той-жындарда «Раиса келді, ол қазір бар істі тындырады» дейтін болды. Жасым 50-ге келгенде ғана

Аталған шара ата-ана алдындағы парды, келіндік міндеттің өз алдына белек қалдыса барын ашып бергені рас. Отбасылық сайыстар, келіндер арасындағы жарыстар, осы тектес мәнді басқосулардың жас аналарға берері де мол.

ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ ҮШІН...

Былтыр Түркістан қаласында «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің VI құрылтайы өткен болатын. Құрылтай барысында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, мәртебесін көтеру мақсатында маңызды жұмыстардың жалғастыны, оған Үкімет тарапынан барынша қолдау көрсетілетіні айтылды. Қоғамның жаңа бағдарламасы мен жарғысы қабылданып, президенті болып Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиұлы сайланды.

Осыған байланысты халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Бірлестігі облыстық филиалы мен облыстық ішкі саясат, мәдениет, білім, дене шынықтыру және спорт басқармалары мемлекеттік тіл мен ұлттық салт-дәстүрді кеңінен қолданудағы өзара іс-қимыл мен әріптестік жайлы меморандумға қол қойды.

Меморандум аясында облыстық ішкі саясат басқармасымен латын графикасына көшу, рухани жаңғыру бағытындағы, білім басқармасымен мемлекеттік тіл мен салт-дәстүрді насихаттау бағытындағы, мәдениет басқармасымен ұлттық музыканы пайдалану, қазақ тілді ресурстар мен контент әзірлеу, дене шынықтыру басқармасымен түрлі спорттық шараларды мемлекеттік тілде өткізу, ұлттық спортты насихаттау жұмыстары жалғасын таппақ.

КӨҢІЛГЕ ШАТТЫҚ СЫЙЛАДЫ

«Славяне» қоғамдық-мәдени орталығы» бірлестігінің ұйымдастыруымен дәстүрлі «Масленица» мерекесі өтті.

Мерекелік шараға «Қоғамдық келісім» КММ директоры Болатбек Айтбөкетов, этномәдени бірлестік өкілдері және қала тұрғындары қатысты. Шарада Болатбек Айтбөкетов қатысушыларды шұғылалы көктемнің келуімен құттықтады. Мереке «Сударушы» вокалдық тобы мен әншілердің орындауындағы көңілді әндермен, әсерлі бимен жалғасты. Сондай-ақ ертегілер желісі бойынша қойлындар қойылып, қызықты ойындар ұйымдастырылды.

Келішлік құймақ пен май шеппектен дәм татты. «Масленицаның» ерекшелігі де осы – араздығы бар адамдар бұл күні қауышып, бір-біріне кішіпейілдік танытады, дастарханнан дәм ұсынады. Қысқасы, ол мерекелік сипаты жағынан қазақтың «көрісу» күніне көбірек ұсайтынын байқайты. Кеште ұлттық киім киген қатысушылар, мектеп оқушылары думанның ажарын кіргізіп, арқа-жарқа болды. Дәстүрлі қуыршақ өртеу рәсімі де ұйымдастырылды. Сабаннан жасалған тұлып-қарашқы өртелді. Ал ол қарды жібітіп, көктемнің келуін жақындатады деген сенім бар.

БАЛДӘУРЕН ШАҚ - БАЛ ҒҰМЫР

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Балалар жылының» салтанатты ашылуына арналған «Балдәурен шақ – бал ғұмыр» атты мерекелік концерт өтті.

«Балаларын бағым деген – Сыр ана» театрландырылған қойылымымен басталған шараны қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов ашты. Концертте оқушылар сарайы, М.Қалауов атындағы өнер мектебінің, А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі жанынан құрылған үйірмелердің, сондай-ақ «Самұрық-Kids», «Беті-ай» өнер орталықтарының талантты балалары өнер көрсетіп, көрермен ықыласына бөленді.

Мүмкіндігі шектеулі балалар, шет аймақтарда орналасқан мектептердің үздік оқушылары, сонымен қатар түрлі облыстық, республикалық, халықаралық байқауларда топ жарған үйірме өнерпаздары Ж.Қожаберген мен К.Жанмуратованың «ИТ пен мысық тышқан дос» атты балаларға арналған қойылымын тамашалады. Өнерлі жеткіншектерді қолдап, рухани жігер сыйлаған кеште базарлық таратылды.

«Әннің де естісі бар, есері бар, тыңдаушының құлағын кесері бар». Осы есті әндердің қатарына ең алдымен классикалық әуендерді жатқызсақ, өшкім дау айтпасы анық. Өйткені медицина сан ғасырдан бері нотасы өзгермеген классикалық туындылардың тыңдарманға ерекше көңіл күй, жан дүниеге тыныштық сыйлайтынын дәлелдеген. Классикалық музыка әлемінде әсіресе скрипкашының шоқтығы биік. Бүгін біз облыстық филармония жанындағы камералық оркестрдің көркемдік жетекшісі, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Анар Жаңбырбаевамен классикаға деген құштарлық және сазды скрипканың сыры жайында әңгімелескен едік.

— Анар Асанқызы, скрипка — музыкалық аспаптардың «патшасы». Үлкен оркестрде 100-ден астам музыкант болса, олардың 30-ы скрипкашы екен. Сіздің де жаңыңызға осы аспап жақын. Скрипканы таңдауыңызға не себеп?

— Негізі Алматы облысының тұрмысымын, музыкаға деген сүйіспеншілігім бала кезден басталды. Әкем белгілі математик болатын, өзі музыкалық аспаптарда ойнағанды, күй әулетуді жақсы көретін. 4 жасыма осы көркем әлемге деген қызығушылығымды байқаған да сол кісі. Ағам да домбыра үйретіп жатқанда балалықпен кездері келтіреді екенмін, сол ықпал есе келе менің өмірлік таңдауыма айналды. Құлаш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебінің «скрипка» сыныбында білім алдым. Ұстаздарым өнер жолына деген қадамды ұштады. Кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік консерваториясында білімімді жалғастырдым. Еңбек жолым Мұрат Серкебаевтың жетекшілігімен Алматыдағы телерадио оркестрінде жұмыс істеуден басталды. Бұл музыка өнерінің бетке ұстарына айналған атақты ұжым еді. Енді ғана өнерге қадам басқан жас үшін оркестрде жұмыс істеу кәсіби есу тұрғысынан ғана емес, шығармашылық қабілет пен талантты шыңдау жолындағы баспалдақ іспетті болды. Скрипка құшағына, скрипка менің құшағым екенде басқа дүниені ұмытамын. Мен және музыка. Қалған нәрсеге елеңдеп көрген емеспін. Музыканы, скрипкада ойнағанды сүйемін, сондықтан оны тастамаймын. Консерваторияны бітірген соң Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаттың сабақ бердім. Мұнан соң жолдасыммен бірге қызмет бабымен Маңғыстау өңіріне көштік. 2007 жылы Ақтауда кіші симфониялық оркестр ашылды, сонда 10 жылдан астам уақыт тер төктім. 2017 жылы қайын жұртқа көлдік, қасиетті Сыр өңірінде сүйікті ісімізді жалғастыра бұйырды. Бұдан бөлек, мұнда классикалық бағыттағы музыканттардың тапшылығы сезілетін. Маған облыстық филармония жанынан жаңадан құрылған камералық оркестрді басқару ұсынылды. Бұған бар ынтаммен кірістім.

Бір жағынан жоғарыда айтқандай, бұған дейін М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының жанындағы шағын симфониялық оркестрдің, камералық ансамбльдің солисті болдым, тәжірибе жеткілікті. Камералық оркестр 2014 жылы облыстың сол кездегі әкім Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен ашылғаны баршаға мәлім. Сыр өлінін мәдениеті тарихындағы тұңғыш оркестр әлемдік және қазақ халқының туындыларын орындайды. Бүгінгі таңда камералық оркестрдің құрамында он жеті музыкант бар. Барлық классикалық аспаптармен толықтырылған, концертмейстері бар. Өзі ісінің мамандары иірі мен үйлесім әрбір кештің көрін қыздырып, тыңдарманға рухани демалыс сыйлау жолында еңбектеніп келеді.

— «Саусақтарыңыз қысқа, шынында»



«Скрипка-шысыз ба?» дегенді естігеніміз бар. Скрипкада ойнау үшін физиология маңызды рөл атқара ма?

— Музыка спортпен ұқсас. Бұл тұрғыда ұзын саусақтардың артықшылығы бар. Бұдан бөлек, талмай еңбектену, жаттығу маңызды. Музыкалық қабілеттің ролі жоғары. Мен негізгі жұмысымнан бөлек, педагогикалық қызметпен айналысамын. Қазанғап атындағы музыкалық колледжде, өнер мектебінде сабақ беремін, жеке сабақтар да өткіземін. Кейде енді ғана скрипканы үйренуге қадам басқан шәкірттерім өзі жеке қалып, 5 сағатқа дейін дайындық жасайтын

Анар ЖАҢБЫРБАЕВА, облыстық филармония жанындағы камералық оркестрдің көркемдік жетекшісі:

«ЕҢ ЖАС ШӘКІРТІМ ҮШ ЖАСТА»

сәттері кездеседі. Өнер — мәдениеттің ортасы. Сондай-ақ мәдениет пен өнерге айрықша көңіл бөліп, өрлету — өркениетті елдердің басты ұстанымы әрі ол тәрбие құралы. Сондықтан болар, балаларын өнер саласында көргісі келетін ата-ана көп. Қазір ең жас шәкіртімің өзі үш жаста, есімі — Фатих. Ойын баласына осындай жүктеме берілгеніне көңіл толмайтындар табылар. Алайда бала өнерге бір табан жақын, үйренуге асық. Классиканы, Моцарт, Бах, Бетховеннің шығармаларын орындағысы келеді. Бала болған соң кейде қиындық танытып, ой бөлігі келетіні бар. Мұндайда біз ән айтып, сурет салып, бір сергіп аламыз және қайтадан сабаққа жана деммен кірісіміз. Бірінші кезекте оқушыларымыз ой-өрісін кеңейтуге, әлемдік өнер мен мәдениеттің тарихы туралы көбірек білуге деген ынтасын арттыруға тырысамын. Бәлкім, бұл балалардың дені болашақта кәсіби музыкант болмауы мүмкін, дегенмен олар жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптасары анық. Мәдениетке, өнерге жақын бала көшедегі төбелеске, бейіп сөз айтуға жақын емес. Олар сулулықты көре білетін және сезіне білетін, айналаға мейіріммен қарайтын, интеллектуалды даму деңгейі жоғары адам болуға ұмтылады. Тек осы музыкалық білім берудің қосымша білім беру тізбегінде екеніне

Fest» камералық музыка фестиваль-конкурсына бірден үш ұжымды дайындадым. Қазылар алқасы Қызылордадан Раджабов (скрипка) және Айнаш Рысдаулетова (фортепиано), Жәмилә Қадырова (альт), екі скрипкадан тұратын ішекті кuartет (Элия Жаңбырбаева мен Әлия Жанадиева), альта (Жәмилә Қадырова) мен виолончель (Нүркен Ақбергенов) бар конкурсанттардың кәсіби дайындығына тандай қақты. Арнайы жүлде мен үшінші орынды еншілеп, жеңіс төрінен табылды. «Таланттар галереясы» халықаралық байқауында да Бота Мақсұтқызы, Ұлан Шаншархан, Қаламқас Құттымуратова, Рабия Панабек секілді шәкірттерім мерейімді өсірді. Мұндай байқаулар олардың жаңа қырын ашады және үлкен аудитория алдында өнерін паш етіп, мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

— Өңіміні камералық оркестрдің жетістіктерімен сабақтай түссенің...

— Концерттен концертке дейін баржоқ дәуірінен бастап қазірге дейінгі композиторлардың музыкасы ұсынылған репертуар кеңейді. Оркестрдің шығармашылық қоржынында әлемге әйгілі ортағасырлық композиторлар Антонио Вивальди, Иоганн Себастьян Бахтың, Вольфганг Амадей Моцарттың, Людвиг ван

Ақбергеновпен (виолончель) бірге республиканың Батыс өңірлерін — Ақтөбе, Орал, Ақтау, Атырау қалаларында болды. Барлық концерт көбіне толық аңшаптан өтті. Бұл жетістіктер — дирижер мен көркемдік жетекшінің, жалпы ұжым еңбегінің нәтижесі. Көгерменге міндетті түрде берілетін эмоционалды шабытқа қол жеткізу оңай емес. Ол үшін музыкаға деген ерекше сүйіспеншілік, іске деген адалдық керек.

— Музыканттар өздері ойнап жатыр, дирижер таяқшасымен неге сермей береді деп сұрайтындар табылады. Оркестр мен дирижер арасындағы байланысты тарақтасңыз.

— Егер шығарма жеңіл әрі қысқа болса, дирижерсіз ойнай алады. Бірақ көптеген музыкалық шығармалардың темпі аусады. Жалпы, «дирижер» сөзі француз тілінен аударғанда «бағыт беру» мағынасын береді. Алдында отырған оркестранттардың тілін таба білу қажет және мықты көсіпкі озыкант болу шарт. Мұнан бөлек, дирижер оркестрдегі әуеннің үйлесімін сезу керек. Себебі музыканың өзі үлкен гармония.

— Симфониялық туындыларды тыңдау сезімде бөледі.

Дегенмен, қоғамда

«Мен мұны



түсінбеймін, тыңдап отырып, ұйқым келеді» дейтіндер жоқ емес. Осыған алып-қосарыңыз бар ма?

— Классикалық музыка — ешқашан менін және тыңдарманын жоғалтпайтын бірден-бір өнер саласы. Әсіресе, симфониялық туындыларды тыңдау жаңа да, тәнге де пайда тигізеді. Оны теледидардан, плейерден тыңдасаңыз, түсінбейсіз мүмкін. Арнайы залға келіп, тыңдасаныз жан рахатына бөлесіз. Өйткені классика ешқашан өскірмейді. Жақында алыс ағылдарда ағайындарым концертке келіп, өнерімді 27 жылдан бері бірінші рет тамашалады. Танданыстарын жасырмады, өнерімді іскіс әлем екеніне тағы бір көз жеткізді. Бұл да солай. Классикалық музыканың тұрақты тыңдарманына айналу үшін оның маманы болу, арнайы білім алу міндетті емес. Бастысы, орындайтын жақтан шығарманың қысқаша тарихымен танысу алуыңыз керек. Қалғаны музыканттың шеберлігіне байланысты.

— Сұхбатыңызға рақмет! Шақар шабыт, шығармашылық табыс тілеміміз!

Өңімелескен Мөлдір СНАДИН

қынжыламын.

Біз 18 жылға жуық білім алдық, жүктеме көп. Тек концерт берумен шектелмейміз, классиканы тыңдауға, тыңдарманға ой салуға тырысамыз, жастардың мәдениетті болуға деген талпынысын арттыруға сол саламыз. Балалар мектепте білімін күшейтсе, бізде өнерге қадам басып, ірі, мейірімді, мәдениетті әрі өнер әлеміне жақын жас ретінде дамиды. Осыған мән беретін уақыт жеткен сияқты. «Музыка — тәрбие құралы» деп бекер айтылмаған. Мен үшін шәкірттеріміз осы және ұстаз ретінде шәкірттеріміз әр бағындырған білімім мақтанамын. 2019 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының концерт залында өткен және Алматы қаласының күніне ораластырылған II республикалық «Әуен

Бетховеннің, веналық классикалық музыка мектебінің өкілдерінің шығармалары бар, кенестік және қазақстандық классика да кенінен ұсынылған. 2018 жылы оркестр «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының шақыруымен Босния-Герцеговина, Сербия, Венгрия мемлекеттеріндегі Балкан аралдарындағы түркітілдес елдердің классикалық камералық оркестрлерінің халықаралық фестиваліне Қазақстанның атынан қатысты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, скрипкашы, профессор әрі композитор Анар Ақбаровтың және түрік дирижері Севаль Қадыоглының жетекшілігімен оркестр қазақстандық және шетелдік композиторлардың шығармаларын орындады. Бұдан бөлек, жеке жабдарлама дайындап, Жәмилә Қадырова (скрипка) және Нүркен

скрипка-шысыз ба? дегенді естігеніміз бар. Скрипкада ойнау үшін физиология маңызды рөл атқара ма?

— Музыка спортпен ұқсас. Бұл тұрғыда ұзын саусақтардың артықшылығы бар. Бұдан бөлек, талмай еңбектену, жаттығу маңызды. Музыкалық қабілеттің ролі жоғары. Мен негізгі жұмысымнан бөлек, педагогикалық қызметпен айналысамын. Қазанғап атындағы музыкалық колледжде, өнер мектебінде сабақ беремін, жеке сабақтар да өткіземін. Кейде енді ғана скрипканы үйренуге қадам басқан шәкірттерім өзі жеке қалып, 5 сағатқа дейін дайындық жасайтын

Жалғасы. Басы 1-бетте

«Бірі балабақшадағылар қандай тапсырма бергенін қарамай ма? Сұмдық» десе, енді бірі «Балалар ақындары жақсы дүние жаза алмаса, балабақшаны кінәлаудың қажеті жоқ» дейді.

Яғни балалар әдебиетінен жақсысын ұсынып, ұсынуда келмейтін тұлғаларды іріктеу әлі де жолға қойылмаған. Бұл мәселеге қатысты педагогика ғылымдарының докторы, балалар ақыны Рахат Наурызбаева: «Қазір балаларға берілетін ақпарат өте көп, бірақ дұрысын тандау, іріктеу, жүйелен ұсыну жағы жеткіліксіз. Онымен айналысатын арнайы жүйе қалыптаспаған, себебі бала шығармашылығын дамытуға бағытталған іс-әрекеттер жүйеленбеген, мектептер, одан тыс мекемелердің байланысы өз деңгейінде емес. Сол үшін балаларға арнап жазатын ақын-жазушылардың бір-бірімен және шығармашы балалармен жиі кездесіп тұруына, шығармаларды талдап, сараптап, кеңес беретін, әдеби оқулар, жаңа кітап таныстырылымын ұйымдастыратын аудан, облыс көлемінде ғылыми-сарапта-малық орталық немесе бөлім қажет», – дейді.

Аталған мәселеге қатысты өңірдің ақуалына тоқталсақ, аймақта барлығы 12 балалар кітапханасы жұмыс істейді. Ал олардың жалпы қорында 389 871 дана кітап бар. Одан бөлек өткен жылдың алғашқы тоқсанында кітапханалар қоры 189 дана жаңа әдебиетпен толығты. Бұл жамаан көрсеткіші емес. Бірақ балаларға ұсынылатын дүниенің бәрі қазақ авторларының шығармалары ма? Қызылордалық балалар қандай дүние оқығысы келеді? Олардың сұранысын қамтып жүрміз бе? Ә. Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана мамандарының айтуынша, кішкентай оқырман шетелдік авторларды оқуға құмар. Облыстық кітапханаға келетін балақайлар «Ертегілер елінде» атты сериямен шығатын кітаптарды көбірек оқиды екен. Оқушылар

Ы.Алтынсариннің әңгімелерін жиі іздейді. Тағы көп оқылатын автордың бірі – ертегі жазудың шебері, әйгілі Ганс Христиан Андерсен. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай өзіндік талғамы қалыптаса бастаған. Жасөспірім кезеңде ұл балалар фантастика, шытырман оқиғаға толы Бердібек Соқпақбаев, Жүніс Сахиев, Эдгар По, Жюль Верн, Роберт Стивенсон, ДЖ.К.Роллинг, Николай Носовтың кітаптарын оқығысы келеді. Ал қыз балалар психология, махаббат романдарын, сондай-ақ түсіндірме сөздік пен атындағы энциклопедияларды жиі парактайтыны анықталды. Негізінде балалар шетелдік авторларға оқуға десек, бірнеше себебі болуы мүмкін-ақ. Қазақ авторлардың шығармалары дұрыс насихатталмай келеді және балаларға

қазіргі күні балаларға арнап жазып жүрген жас ақын-жазушылар сауасқпен санарлық қана. Олардың да көбі қаламын суытып алды. Өйткені қоғамда әлі де балалар әдебиетіне деген көзқарас түзелген жоқ. Балаларға арнап жазатын өлгі айтқан аз ғана қаламгерлер-дәліміз. Қаламақы алмақ түгіл, дайын дүниелерін бастаудан шығара алмай, қаржылай демеуші болатын қайырымды иелері іздеп, кәсіп иелері мен жергілікті әкімдерді жағалап жүр. Ал балалар жазушылары осындай қығды жүрсе, оларға жеткілікті жағдай жасалмаса, балалар әдебиеті қалай да-миды?

Балаларға арналған кітаптың насихат-тайтын балалар кітапханалары мен мектептер ғана. Басқа өңірді білмеймін, біздің облыста жаңа кітаптың таныстырылымы, оны оқырмандарға насихаттау жұмыстары бау. Сол үшін оған аймақ жастары да атсалысу керек. Мүмкін осы бағытта арнайы ұйым құру керек шығар. Өйтпейр кітапхана мен жазушыға ғана бар жауапкершілікті артып қояуға болмайды, – дейді балалар ақыны Қуат Адис. Балаларға арналған туындылардың естісі мен есері сараланып, ұсынар дүниенің жеткілікті делік. Бірақ балаларға контент жасауда тағы бір мәселе бар. Ол – тек кішкентайлардың ғана емес, ересектердің де көлемі жағынан ұзақ, көп ақпаратты қабылдай алмауы. «Жасөспірімдер көлемі 500 сөзден асатын әңгімелерге тосыққай қарайды. Өйткені олар қас-қағым сәтте өзгеріп кететін қарқынды заманда өмір сүруде. Бұл



балалар әдебиетінен жаңа формалар мен форматтарды, тәсілдер мен технологияларды талап етеді. Егер мұны ескермесе, заман талабына жауап беріп, ұлттық балалар әдебиетінің тамыт-пасақ елдің ертең тізгінін ұстар жас ұрпақтың бетенің торына тастап, орға жыққан болып шығамыз. Жазушыларымыз осы тұрғыда өз жаңашылдықтарын ұсынуға тырысу керек», – дейді жазушы Бақытбек Смағұл. Балалар әдебиетінің белгілі өкілі С.Маршак: «Балалар балалық пен даналықтың екі ортасында өмір сүреді» деген екен. Балалар қаламгері соған сай балар да, дана да болуы шарт. Сонымен бірге сөз санап ауысып жатқан құндылықтар, технологиялық прогрестің нәтижесінде келген ақпараттың шектен тыс қолжетімділігі бар. Қай жағынан келесек те, балалар қаламгеріне артылған жүк жеңіл емес. Бізде неге Жюль Верн, Доктор Сьюс, Жоан Роулинг секілді жазушы жоқ деп тағы төпелейміз. Ондай жазушылар болуы үшін қазақша дүниені жарнамалайтын да, оқытын да, оқытатын да – өзіміз. Еңдеше, балалар әдебиетінің жанданыуы баримізге ортақ, ұлттық міндет.

Дина БӨКЕБАЙ

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НЕМЕСЕ ОТАНДОҒИМ КИМ ҚОРҒАЙДЫ?

Әскер – өмір мектебі. Расында, төмірдей тәртіпті талап ететін әскер бозбаланы үлкен өмірге нық тәрбиелейді. Десек те бүгінгі қоғамда өз қалауымен әскерге сұранып барушылар қатары біршама сиреген. Өсіресе бұл жағдай жоғары және арнаулы оқу орындарын бітірген жастардың арасында белең алып тұрғанға ұқсайды.

365 күн үйден әскерге шарттайтын жастардың статистикасы құлдыраған сәттен бастап Қорғаныс істері министрлігі көктемгі науқанға нықтап кіріскен сынайлы. Алдын ала статистиканы сабақтай түссек, биыл көктемде 19-27 жас аралығындағы 17 мыңға жуық азамат әскерге шақырылады. Олардың 6500-ден астамы Қаулы Күштердің бөлімдері мен бөлімшелерінде қызмет етеді деп күтілуде. Қазір жер-жерде Қорғаныс істері жөніндегі департамент басқармалар мен бөлімдерде зерделеу жұмыстарын жүргізуде. Искерліктегі жауапты мамандардың айтуынша, зерделеу сауалнама арқылы жүреді екен, яғни сауалнама нәтижесіне орай мамандар азаматпен және оның ата-анасымен әңгімелеседі. Зерделеу барысында жастардың мамандығы, моральдық және іскерлік қасиеті, денсаулық жағдайы, дене бітімі, жалпы білімі, арнайы дайындығы, отбасы жағдайы жөніндегі мәлімет нақтыланады. Әскер алдындағы тексерісте «көз ауруы бірінші орынға шықты» дейді мамандар. Жастардың арасында соңғы жылдарда көздің нашар көруі жиілеп барады. Оның себебі, бала кезінен бастап компьютер, смартфонмен тым ауысуынан болса керек. Майтабан жастардың қатары қалың. Салмақ жетіспеушілік, бел омыртқасының қисық бігуі секілді аурулар да жиі кездеседі. Сол себепті әскер қатарына ілінбей жатқандар көп. 3 күн мерзімде медициналық комиссияның бақылауынан өтетін болашақ сарбаздар тиісті әскери бөлімдерге бөлінетін болады. Дегенмен баланың өзі Отанға қызмет ететін деп қушынып тұрса, денсаулығына байланысты шектеу қойылғанмен

әскерге қызмет етуге кедергінен келтірмейтін көреді. Көктемгі шақыруға аймақ жастары нақшалықтап дайын? Осы сауал төңірегінде қала тұрғындарына блиц сауалнама жүргізіп көрген едік. – Жүз пайыз дайын деп айта алмаймын. Бізде жастарға рух беретін үгіт-насихат жұмыстары кемшін. Менің ойымша, 60 пайызы әлі дайын емес. Мектепте алғашқы әскери даярлық сабағы, тағы басқа да шаралар өтіп жатады. Ашығын айтсақ, мектепте біз тек салпен жүруді ғана үйрендік. Негізінде тек оқу орындарының барлығында әскери дайындық жағын талдап айтып, қару-жарақ, қажетті құрал-жабдықтарды теория жүзінде ғана емес, іс жүзінде қалай қолданудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, бағыттап, жастар қай жағынан шыңдалуы қажеттігі туралы ақпараттармен толық қамтамасыз етілсе, әскерге барғысы келетіндердің қатары әлдеқайда көп болар еді, – дейді Бекзат Нақыш. Аймақтағы белсенді жастың бірі – Айдос Мырзалы да жастарды әскерге қызықтыру жағы ақсап тұрғанын жеткізді.

– Статистика сөйлеген заманда өмір сүргендіктен тек сандармен жұмыс істеудеміз. Қазір жастар не себепті әскерге барғысы келмейді? Себебі замандастар оңай олжа тапқысы келеді. Адамның пікірі толық қалыптаспағандықтан көпшілік банкте, ұлттық компанияларда, жеңіл-желпі жұмыс істеп, жылы кенседе отырғанды қалайды. Бұл – бір. Екіншіден, жастардың бойында қорқыныш, үрей басым. Өйткені біздің аға буын өкілдері «біз әскерде болғанда, тағыз жегенде» деген әңгімелерін жиі айтады. Оны естіген жастардың әскерге баруға жүрегі дауаламайды. Қаңтар айында Мемлекет басшысы әскерге қатысты орамды ойын жеткізді. Жүзіеде жастарды ынталандыру жетпейді. Егер әскер туралы жақсы роликтер көрсетіліп, жақсы пікірлер қалыптасса, өз еркімен барушылардың қатары көбейеді, – дейді ол. Қорғаныс істері қызметкерінің қысымына пішкен, тегін жариялауға ауысқан өтінген Әулет есімді қатарласымыздың әскерге баруға деген ынтасы жоқ. Нәпсінен өкпені одан да сұрыдық. – Желтоқсан айында қызық жағдай орын алды.

Көлігімді жуып жатсам белгісіз екі кісі жасымды сұрап, күштеп көлікке мінізіп, әскерге алып кетуге әуреледі. Сөйтсем сол бағыт статистиканы толтыра алмай күше кезіп кетті. Адамды күштеп, қинап апарған соң әскерге деген қайдан жақсы түсінік қалыптасады? Мен секілді қинап алып барған 10 шақты замандастан бір бөлмеде ас ішпестен 1 жарым күн жаттық. Қысын осы, – дейді Әулет. Иә, қоғамдағы сауалнаманы саралайтын болсақ, расында қазіргі жастар әскерге баруға асығар емес. Әлі көктемгі науқанға қатысады деген 17000 азаматты табу бүгінгіңің басты мәселесіне айналмаса дейміз. Жалпы шекарасы шегенделген, әскери құрамы өскелеген елде «Отанды кім қорғайды?» деген сұрақ тұндаламау керек. Бұл орайда тағы бір мәселені қозғасақ, Жақында Сенатор Мұрат Бақтиярұлы азаматтық жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралардың құрамы мен құрылымын отайландыруда әскери доктринаны іске асыру туралы жақсарту етуді, халықаралық тәжірибені зерделей отырып, жоғары оқу орындарында әскери даярлық жүйесін жетілдіру мүмкіндігіне талдау жасауды сұрады. Бұл мәселені шешудің нақты механизмі іспетте.

Ерсын ШӨРІБЕК



ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ ЖАНАЗАСЫН ШЫҒАРУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Жақсы сценарий – жарты кино. Бір ғана диалог немесе оқиғаның шешімі арқылы адамды басқа өлемге әкеліп, санасын селт еткізіптерн картиналарда сценаристің уйқысыз түндері, үздіксіз ізденісі мен көпке елеусіз еңбегі жатыр. Қазақ көрерменіне тың тақырыптарды әкелген сценарист, редактор, продюсер Перизат Мырзахметпен сценаристика, кино жайлы сұхбаттасқан едік.




– Кино өлеміне, сценаристікке қашан келдіңіз? Осы саладағы өз тарихыңызбен бөліссеніз...
– Жалпы телевидение саласына 2010 жылы келдім. Онда 8 жыл бойы телешоулар түсіріп, республикалық, халықаралық деңгейдегі шоу бағдарламаларын дайындайтынбыз. Бірақ сол кезде сериал не үшін көлемдегі дүниелерді түсіріп келетін еді. Тіпті, компания идеялды құптап, «Тергеушілер» деген сериал түсірдік. Алайда бұл басылуыққа ұнамады. Бұдан гөрі шоу түсірген қызығарак екенін айтты. Сонымен 2018 жылы бұл жұмыстан кеттім. Фильмдер болып жүргенінде «Оралман из Питера» деген фильмнің атқарушы продюсері болып жұмыс істедім. Сол кезде маған кино өлемі қызық, ауқымды әрі мазмұнды көрінді. 2019 жылы мені «Salem social» компаниясы продюсер ретінде жұмысқа шақырды. Алғашқыда бағдарлама түсіріп жүрдік те, қайтадан бұрынғы жұмысқа келдім бе деп көңілің толмай жүргенің рас. Аз уақыттан соң веб-сериалдар түсіріптің болдык. Сол сәтте қатты қуандым. Осылайша нағыз өзім калаған, жаным сүйетін әлем 2019 жылдан басталды.

– «Salem social» арқылы қазақ киносы түрлі жанрда эксперимент жасап көруде. Бізде неге детектив, драма, боевик пен шығырман оқиғалы фильмдер жоқ немесе аз?
– Иә, біздің компания барлық бағытта тәжірибе жасап көріп жатыр. Қуанышка орай кино ұсынатын аудиторияны, нарықты зерттеудің арқасында барлық эксперимент жақсы нәтиже көрсетуде. Мысалы, бізде фантастика жанры жоқ. Неге десеңіз, біріншіден, қазақ аудиториясы әлі қазақ тіліндегі фантастиканы қабылдай алмайды. Екіншіден, ол үлкен қаржыны қажет етеді. Ал басқа жанрлар қамтылып жүр. Әрине, олардың саласына сұрақ қоюға болады. Дегенмен шорт кесіп, бізде мына жанр жоқ деп қара аспанды төндіру қате. Нарық енді дамып жатқандықтан болашақта барлық жанрда фильм түсіріледі.
Екіншіке қарай «Қазақфильм» сияқты тарихи киностудиямыз болғанмен қанша жыл бойы жан-жағмызға жалтқап келдік. Ал қазір кино саласында еркіндік бар, өзімізге өзіміз жұмыс істейміз. Әрі шетелдерде біздің кинодағы жетістіктерімізді мойындауда.
– Хичкоктың бір сөзі бар еді ғой. «Ұлы фильм түсіру үшін

үш-ақ нәрсе қажет: сценарий, сценарий және сценарий». Сіздіңше жақсы кино тудыру үшін не қажет?
– Жақсы фильмге нақты мыналар ғана керек деп айту қателік. Ол үй сияқты, үйдің тек кірпіші, іргетасы немесе шатыры ғана маңызды дей алмаймыз. Жақсы оқиға болмаса, жақсы сценарий болмайды. Жақсы актер болмаса, жақсы режиссердің қолынан түк те келмейді.
– «Жайна +» сериалын рахаттанып көрдім. Тақырыптық жағынан біздің қоғамда туғанын бастап санаға сіңіретін «қыз мұраты» – кету деген ұстанымның жай ғана стереотип екенін дәлелдеп, әсіресе, үлкен бұнының санасын сілкіп тастайтындай-ақ дүние. Сонымен «қыз мұраты» қайда кетеді?
– «Жайна +» аз аудиторияны қамтыды. Өйткені уақыт тығыздығы болды: бір айда шешім жазылып, 8 күннің ішінде түсіріліп, аз уақытта монтажданып бітті. Сондықтан аз-көп оқылықтың бары рас. Дегенмен айтар ойын көрсетті, аша алды. Меніңше, қыз мұраты – ешқайда кету емес, өзін, өзін мақсатын табу. Қыз көріңгенін жетегінде кете беретін басында ноктасы бар бұзау емес. Бірақ біздің қоғамда әйел адамға жалғыз жүру қиын деген стереотип бар. Дегенмен сериал арқылы қазіргі қазақ қызына кең бастысы өзіндік таңда» деген ой сапа алдық.
– Сіз үшін топ-3 фильм және сценарист-режиссер?
– Топ-3 деп тізім келмейді. Себебі критерийге қарай көрермен туындар көп. Үздік деп қайталап көрген фильмдерімді айтсам болатын шығар. «Малышка на миллион» деген фильмді бірнеше рет көрдім. «Мулен руж» – мен үшін махаббат туралы әдемі туынды. «Список Шиндлера» фильмді де өлемді қайындауды өзгертетін кино секілді. Ал режиссерлардан стилі жағынан қатты ұнайтыны – Квентин Тарантин. Ешкімге, ештеңеге қарамай, цензура деп жалтқаптай түсірген фильмдері ерекше. Кристофер Ноланның фильмдері де ұнайды.
– Қазақ киносы той мен ауыл тақырыбынан әрі аса алмай жүр. Бұл режиссер өресін тұрғыны ма елде көрермен сұранысы ма?
– Фәйткен қарай көрерменнің сұранысы сондай. Өйтпесе, шетелге фестивальға шығып жүрген, айтары бар, көпке мойындалған фильмдер жеткілікті. Бірақ оларға өзіміздің қазақтың сұранысы жоқ. Бәрі кинотеатрда ұсынылған киноларды ғана көреді.

Біржағынан фестивальден жүлделі болып жүрген режиссерлар өз туындысын ұсынғып, насихаттамайды. Жүлдемен оралған соң, олар туралы екі-үш жерде жазады. Әрі қарай өздері жарнамалап, ұсынуға әрекет етпейді. Фильмге обал. Оны халыққа көрсету керек. Сондықтан бұл мәселеде әй жақтан да қателік бар.
– Ким Ки Док, Вонг Кар Вай, Раджжумар Хиранидің фильмдері ерекше әсер сыйлайды. Неге біз осы «Көктем, жаз, күз, қыс және тағы да көктем», «Пикей», «Любовное настроение» сынды кино түсіре алмаймыз?
– Сіз айтатын режиссерлар бұл фильмдерді неше жасында түсірген ескеру керек. Бізде ондай режиссерлар жоқ енді қалыптасып келеді. Себебі фильм түсіру өмірді көрген, шекері мен тузын татқан адамның ғана қолынан келеді. Жақтық шақта ондай терең, сұлу фильмдерді түсіру – өте сирек кездесетін құбылыс. Әрине, әлі уақыт көрсетеді. Қазақ киносының жаназасын шығарудың қажеті жоқ.



Жырыма бірінші гасырдың қазағы ретінде қандай мәселе толғантып жүр? Кинода қандай тақырыптарды қозғап жүрсіз?
– Гуманист ретінде адам құқығын бірінші орынға қоямын. Адамның өмірінен ойнауға болмайды. Ол әйел ме, бала ма, әр азамат па, кезбе ме, депутат па бәрібір, көз көлген адамның өмір сүруге, өз ойын айтуға құқығы

бар. Бақыты үшін күресуге құқылы. Өзім жазған сценарийлерде оны айтып келеді. Барлығын бір таптарынға салып тастап, осылай ғана өмір сүру керек деген ойды жойып келеді. Мен жалғыз емеспін. Таптарындардан таяқ жеген адамдардың әрқайсысы сонмен күрескісі келеді. Мені осы мәселе толғандырды.
– Біраз уақыттан бері «ойжеткен» деген хәштегпен кітап оқу байқауын ұйымдастырып жүрсіз. Тіпті, жөген адамға ақшалай жүлде беруді қолға алдыңыз. Бұл идея қайдан туы?
– Бұл 5-6 жылдан бері ойымда жүрген дүние еді. Біраз уақыт бұрын неге кітап оқу байқауын ұйымдастырмаймыз деген ой келді. Орыс клубтарына қарап, қатты танғанды едім. Олар өзара клуб құрып, буктрейлер жасайды, әртүрлі кітап оқу жарыстарын өткізеді. Қашан біз осындай дүние жасаймыз? Қашан өзіміздің туындыларды насихаттай аламыз? Санамада осы сұрақтар туындайтын. Өйткені біздің жұмыс істеп отырған оқығанмен, барлығы қазақ әдебиетінің шығармалары емес. Әлеуметтік желіде көргенім де, қолына ұстағандары да – шетелдік авторлар. Қазақ ешқашан кітап жазбағанды, әдебиеті болмағанды ерек қалдырады. Бізде қазақша туындылар жазып тек үлкен ғалымдар ғана пікір айта алатындай. Мысалы, ешкімге Мұхтар Әуезовтың романына сын айтуға болмайтын сияқты. Оған

ешіміңнің рецензия жазуға құқығы жоқтай көрінді. Сонымен қазақ оқырманы қазақша кітаптармен табыстырудың әдісі осы болды. Шынығы айтсам, аяқ астынан бастапқы кетті. Біріндеп шарттарын ретке келтірдім. Қазір тұрақты түрде өткізіп жүрмін.
– Әдемі өңгімеңізге рақмет, Перизат!
Өңгімелескен Дина БӨКЕБАЙ

«Ника» – 1987 жылы құрылған Ресей кинематографиялық өнер академиясының жыл сайын өткізілетін ұлттық марапаты. Академияның көркемдік жетекшісі және жарлығы негізін қалаушы Юлий Гусман. Жырыма түрлі номинация бойынша марапаттау кезінде ұсынылатын сыйлық мүсіншеңі өз ежелгі гректердің жеңіс құдайы Никте бейнеленді. Фестивальде тек ресейлік режиссерлердің, сондай-ақ Балтық және ТМД елдерінің фильмдері көрсетіледі.
Алғашында «Алтын шырыш» аталған американдық марапат «Сатурнды» 1972 жылдан бастап Ғылыми фантастика академиясы ұсынғып келеді. Марапат академияның бірнеше өкілінің дауыс беру нәтижесі бойынша беріледі. Сыйлықтың негізін қалаушы – Дональд Рид. Аталған сыйлық Фэнтэзи жанрын ұнататындар үшін өте танымал. Алта кету керек, 1991 жылдан бастап бұл марапат үздік сериалға беріліп келсе, 2001 жылдан бері DVD шығарылымдары үшін беріледі.

1944 жылдан бастап әр қантар сайын Голливудта халықаралық бастасөз қауымдастығының дауыс беруі арқылы анықталатын ерекше марапат – «Алтын глобус». Осы уақытқа дейін қауымдастық көптеген жаңа, ерекше номинацияларды енгізіп келеді. Соның ішінде үздік киноға арналған номинация да бөлек тағайындалды. Сонымен қатар Америкада бұл сыйлық әлі күнге дейін «Оскардан» кейінгі екінші маңызды сыйлық болып саналады.
«Алтын пальма бұтағы» – Канн фестивалінде алуға болатын ең жоғары әрі танымал марапат. Оның қазіргі атауы мен формасы 1955 жылы ғана пайда болды. Оған дейін марапат «Гран-при» деп аталған екен. Пальма бұтағы Канн қаласының елтанбасынан табуға болады, бұл сыйлық символы ретінде бұтақты таңдауға серпін бергені түсінікті жайт.
Келесі фильм сыйлығы Берлин фестивалінің ең сүйікті және ерекше марапаты десек, артық емес. «Алтын аюға» лайықты кинотундыны халықара-

Өнерге берілетін баға премиямен, халықаралық дәрежедегі құнды сыйлықпен өншенбітіні анық. «Оскар» атпағанда да өз құнын жоғалтпаған, көптің талғам таразысынан шыққан кинотундылар аз емес. Соған қарамастан жыл сайын өтетін кинофестивальдерді қолға асыға күтеді, ал режиссерлар мен киноиндустриядағы мамандар үшін бұл мерекеден кем түспейді. Себебі өлемдегі атақты кесіп киносыншылар қазылық жасағанда туындының сапасы мен тұтастай түсірілім тобының еңбегі үздік деп мойындалып жатса, жетістік емес пе? Осы орайда кино мамандары құштар танымал 10 кинопремия жайлы сөз өтеміз.

лық сыншылардан құрылған қазылар алқасы анықтайды. Мүсінше бейнесінің авторы – атақты неміс мүсіншісі



Рене Синтенис. 2011 жылы аталған сыйлық өзінің мерейлі алпыс жылдық туған күнін атап өтті. Берлин фестивалі барлық елдің картиналарын ұсынған деген белсенді альтруистік көзқарасымен ерекшеленді, сондықтан қазылар алқасы жыл сайын өлемнің түкір-түкірінен режиссерлердің ондаған туындысын қатыстырады. Оның ішінде Азия немесе Шығыс Еуропа, тіпті ішкі Америка ұсынған фильмдер сыйлыққа жиі ие болады. Соңғы жылдары кинофестиваль «Күміс аюды» да бере бастады.
«Алтын арыстан» сыйлығы – Венеция кинофестиваліндегі ең жоғары марапаттың бірі. Ол 1934-1942 жылдары киноиндустриядағы басты сыйлық ретінде таңымал болған. Кинофестивальдің өзі түрелсіз авторылық киноны сүйетіндер арасында маңызға ие. Мұнда дәл осындай жанрдағы фильмдердің лауреат болуға мүмкіндігі бар.
Францияның кино саласындағы ұлттық сыйлығы – «Сезар» 1976 жылдан бастап өнер академиясының мүшелеріне, басқа да көптеген марапат секілді дауыс беру нәтижесіне қарай беріледі. Сыйлық XX ғасырдағы әйгілі француз мүсіншісі

аталған десеңді. «Бұл мүсін менің ағам Оскарды еске түсіреді!» – дейді ол. Өткенге көрі шепің жасасақ, «Оскар» мүсіншесін иемденуден рекорды көрсеткіш орнатқан – Walt Disney Pictures студиясы осы күнге дейін 26 марапатқа лайық деп танылған. Ал марапат саны бойынша рекорды ұш фильм бөліседі: «Бен-Гур» (1959), «Титаник» (1997) және «Сақиналардың иесі: патшаның оралуы» (2003) туындылары 11 реттен «Оскар» премиясына иемденген.
Дина БӨКЕБАЙ

ТОП-10 КИНОПРЕМИЯ



ЖАНАША БІЛІМ БЕРУ – ЖЕТІСТІК КІЛТІ

Орыс педагогі К.Ушинский айтқандай, ер мұғалім білімін жетілдіріп, бірсырынды сабақтардан гөрі жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды күнделікті пайдаланса...

Осы орайда білім алушыға қызықты және пайдалы сабақ өтудің тың әдістерін атап өткім келеді. Алдымен бірінші орынға баланың білімін, дағдысын ғана емес...

Тағы бір маңызды дағды – жаңа технологияны қолдану. Байқасаныз, нашар оқитын баланың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады...

Г.ӘБДУКӨРІМОВА, көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжінiң арнайы пән оқытушысы



«Үйлену – оңай, үй болу – қиын» деп бабаларымыз айтқандай, отау құру арқылы екі адамның өмірге бірге қадам басып...

балалардың көз жасы ғана. Осының сапаларынан қаншама жас көп таппай жүр. Иә, бұл бейжай қарайтын салмақсыз дүние емес.

ҮЙЛЕНУДІ ДЕ ҮЙРЕНУ КЕРЕК

жауапкершіліктің қуанышын сезіне алады. Міне, осы сәттен бастап ақыл-ойы, тыныс-тіршілігі, тіпті, қуанышы мен қайғыны бірге еңсере алатын жұптың бақыты баянды...

тұт» деген ұстаныммен өмір сүрсе, ал ер-азаматтарымыз «қабырғамыздан жаралған асыл жарымыз» деген ұғымды санасына қалыптастырса...

Діңгізде отбасы, аманат мәселесіне маңыз берілген. Ата-бабамыздың «тура жолдан тапдырма» даналығына құлақ ассақ, қандай бақыт, басымызға қонған бақ дер едім.

Аружан НОҒАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Ана ана

Ана деген бір бөлек әлем бөлек, Ана деген жанында жүрер жан серік, дара тіреу. Ананың барында біл қадірін, бағалай біл, Анасыз өмірдің қызығы жоқ шыны керек.

Ұстаздарға

Ұстазым, ақылшым, данамсың, Қолға қалам ұстатып, алғаш әріп үйреткен анамсың. Бастауыштан қостауышқа жеткізген Қатемізді ерқашан кешірген. Жылдар бойы тәрбиелен, аялап, Тұлға қылып мектепті де бітірткен.

Әке

Әкешім асқар тауым, биігімсің, Анашым мен үшін жалғыз ғана тірегімісін. Әмірде өке мен ана жалғыз ғана Сондықтан бағалай біл, қадірлей біл.

Айзере МҰХАНҚЫЗЫ, Абай атындағы №140 мектептің оқушысы

«Дос – екі денеден өмір сүретін бір жан» деп Аристотель қай адамның тұжырымдаған десеңізші. Иә, достық дегеніміз адамдардың бір-біріне адалдық танытып, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ мақсатқа болатын ерешіе қарым-қатынас. Ол – өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі.

Нағыз достық, риясыз пейіл шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздікке мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге кетеруге жәрдемдеседі. Достықтың классикалық анықтамасы да осындай.

Балалық шақта кез келген адам баласы секілді жаңа бір нәрсені үйренгіміз келеді, сондықтан бұл процесте адамдармен танысып, достар табу оқайырақ. 30-50 жас аралығында адамға жаңа достар табу өте қиын, өткен тәжірибеден қалған сенімсіздік пен басқалармен қарым-қатынас жасаудан қашу да бар.

Достар қандай принцип бойынша таңдалады? Біз көбінесе досты оның ішкі әлеміне қарай таңдаймыз, жалғыз екі адамның көзқарасы бірдей, басқа жағынан да екеуі ұқсас болса, қарым-қатынас жасау

әлдеқайда жеңіл болады. Кейде сыныптастар немесе әріптестерімізбен дост болатынымыз да сондықтан. Өйткені біз олармен көп сөйлесеміз, бірге уақыт өткіземіз, осылайша ортақ тақырып пайда болады.

Шынайы достық – әрбір іске ынтымен қарауға үйрететін, салиқалы болуға үндейтін нәзік дүние. Үйретіп қана қоймайды, қаласың да, қаламасаңда, достықтың қасиетті міндеттерін мойныңызға жүктеті, соның лебімен еріксіз тыныс алуға итермелейді. Достық бос ұстаза сүсіп шығып кететін, қатты қыса қолды тіліп кететін қылыш екенін ұмытпағанымыз жан. Адамға өлшеп-пішіп қамшының сабындай бес күндік гүмбір берілген. Сол гүмбірдің ерен байлығы да – шынайы достық.

Дос – қамқоршы, көмекші, жанын сала сыйлайтын ең жақын серік, тірек. «Дос табу оңай, ап достықты сақтау одан да қиын» дейді дана халқымыз. Сондықтан достық қатынасқа нәзіктіктен қарап, берік сақтауымыз керек.

Назерке ЖЕТПІСБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БЕЙЖАЙ ҚАРАМАУ ҚАЖЕТ

Бүгінде көп ата-ана баласына сөзін өткізе алмайды. Мамандардың пікіріне сүйенсек, балалардың 80 пайызы ата-анасын тыңдамайды екен. Өз баласына айтқаны жүрмейін ата-ана мұндағы психологқа жүгінеді. Анығында, мектеп баланы толыққанды тұлға, өмірге бейім азамат ретінде тәрбиелеп ала ма? Баланы баға үшін ынталандыру, тындамағаны үшін айыптау, шектен тыс еркіне жіберу қаншалықты дұрыс?

Соны кезде ата-ана баланы, сәйкесінше бала үйкөндерді түсінбей, жанжал туындайтынын айттық. Нәпіктен бұлай? Алдымен соған тоқталалық. Психология ғылымдарының докторы Шалва Амонашвилидің «Педагогикалық дастан» атты кітабында мынадай мысал бар.

«Бір күні маманның алдына бір отбасы келіп, баласының бірнеше күн аспанға тас лақтырып жүргенін, себебі не екенін біліп берудің жолын және бұл әдетін тоқтатынын сұрайды. Сонда педагог баламен бірге еш ойланбастан аспанға тас лақтыра бастайды.

Біраз уақыт өткен соң педагог баладан: – Біз не істеп жүрміз? – деп сұрайды. – Біз дайындалып жүрміз, – дейді бала.

– Негіз? – Өткенде мен аспаннан

тастар құлап, динозаврлар жоғалып кетті дегенді естідім. Енді менің үстіме тас құлап кетсе, мен қайда тырылам? Күйім қандай болмақ? Соны білу үшін және сол жағдайға дайындалып жатырмын, – депті бүлдіршін.

Осылайша ата-анасы ұрысып, тусындіріп, біле алмай жүрген мәселені педагог ап-сатте баланың әлеміне ену арқылы біледі.

Жалпы зерттеушілердің дерегіне сүйенсек, баланың дамуы күнделікті көзге көріне бермейтін өзгерістер құралады. Тіпті кейде бала бойындағы өзгерішелікті ата-ана емес, сырт көз байқағыш келеді. Сондықтан балаңыз жас ерекшелігіне сай әрекетін, дамуын басты назарда ұстау керек.

Бала қаншалықты жоғары білімді игерген сайын соншалықты кішіпейіл болу қажет. Ол үшін ата-ана балаға тәрбие, білім беруден шет қалмауға тиіс. Бала мектепте 6,7 сағат болса, 18 сағат уйде болады. Сол себепті ата-ана баласының оқуын, жүріс-тұрысын, кіммен араласатынын қадағалап, сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен байланыс жасап, сабақ үлгерімі, тәртібі жайлы мәлімет алып отыру қажет, яғни мұғаліммен тығыз қарым-қатынаста болу маңызды.

Малика БАУЫРЖАН, Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейдің мұғалімі

ДОСТЫҚ ҚЫМБАТ



Өткен аптада ел футболында жаңашылдық орын алып, тұңғыш рет президент сайлауы өтті.

Нәтижесінде Әділет



президент Барменқұлов. Хош, сонымен Барменқұловтың бастамасымен қазақ футболы қанат жая ма?

Жаңа басшы тиянақты жоспарын құрып та қойған. Енді тек

ФЕДЕРАЦИЯДАҒЫ ӨЗГЕРІС: ҚАНДАЙ ЖАҢАШЫЛДЫҚ КҮТЕМІЗ?

Барменқұлов 14 дауыс жинап, Қазақстан футбол федерациясының президенті атанды. Иә, Әділет Назарбайұлы бұрын соңды қазақ футболында қолтаңбасы қалыптасқан маман емес. Дегенмен жаңа басшы отандық футболда оң нәтиже көрсететініне сенім мол.

«Футболдың дамуына мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да қызығушылық болуы қажет. Біздің міндет – осы екі байланысты күшейту. Футбол ұлттық жобаға айналу керек. Ол үшін стратегиялық құжат әзірлеу қажет. Ол құжатта футболды дамытудың міндеті мен датасы нақты көрсетіледі. Министрмен кездесіп, нақты жоспар ұсынамыз», – деді

орындалса игі. Ендеше қоғам назарын аударған Назарбайұлының жоспарын тізбектесек. Жаңа басшы маңызды науқан алдында «Стратегия – 2034» атты Қазақстан футболының 2034 жылға дейінгі даму стратегиясын ұсынған болатын. Онда Барменқұлов төрт басымдықты атап өтті. Біріншісі – ойыншыларды, жаттықтырушыларды және кәсіби футбол басқарушыларын оқыту-даярлаудың заманауи ұйымдары мен жүйелерін құру және толық қуатын қалыптастыру. Екіншісі – қазақстандық кәсіби футбол реформасы: мемлекеттік қаржыландыру моделін өзгерту, кәсіби клубтарды жекешелендіру, ерлер мен әйелдер лигасын жаңғырту. Үшіншісі – Қазақстанның қазіргі тарихындағы әлемдік деңгейдегі футбол таланттарының алғашқы буынын дайындау. Төртіншісі – халықаралық аренада спорттық нәтижені

түбегейлі арттыру. Соның ең негізгісі – Қазақстан құрамасын 2034 жылы өтетін Әлем чемпионатына шығару болды.

Сонымен қатар ол сайлауалды бағдарламасында ел футболындағы бірқатар кемшілікті ашық көрсетті. Атап айтқанда, Қазақстанда

даярлау жөніндегі бағдарламалар болмағандықтан ел фут-

болында басқарушы, спортшы, тапдаушы және ұйымдастырушы таланттар тапшылығы сезіліп жатқанын да жасырмады. Сондай-ақ футбол инфрақұрылымы шағын ау-

құрамалармен жұмыс кезінде белгілі бір философияға, қағидаларға және стильге негізделген ұлттық футбол моделі келінен қолданылмайтынын, жаттықтырушыларды оқыту және лицензиялау жүйесі жете қамтылмағанын, лицензиялық курстар мен жалпыұлттық философия және ойын моделі арасында байланыс жоқ екенін бұлтартпас айғақтармен дәлелдеп берді. Отандық футболдың 90 пайыз мемлекет есебінен қаржыландыры-

дан-дардың өміріне кірістірілмегенін, оның орналас-

латынын, клубтардың кәсіби иелерін, спорттық және техникалық директорларын, жаттықтырушыларды, коммерциялық директорларды, жарыс ұйымдастырушыларын дамыту және

қан жері мен саласы қатысушылардың санын арттыруға ықпал ете алмайтынын, бұқаралық футболды, оның ішінде әйелдер футболын дамыту бағдарламасы да жоқ екенін қаперге салды. Ендігі кезекте Әділет Назарбайұлына осы мәселелерді шешіп, ел футболының көшін ілгерілетуге тамаша мүмкіндік туып тұр.

ТӨРЕШІЛЕРДІҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ КӨТЕРІЛЕДІ



Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Қазақстандағы спорт федерацияларының судьяларын даярлауға қатысты мәселе көтерді. Министр атап өткендей, «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңына сәйкес спорт федерациялары барлық санаттағы спорт төрешілерін даярлау жүзеге асыруға міндетті. «Бүгінгі таңда еліміз бойынша 4276 судья бар. Оның 413-і Халықаралық санатқа ие, тек 12 судья Токиодағы Олимпиада ойындарында төрешілікке тартылды. Бұл фактілер осы бағыттағы жұмыстың нашарлығын көрсетеді», – деді ол ведомствоның кеңейтілген алқа отырысында. Мәселен, Шүчүнкідте спорт жарыстарының бір күніне қызмет көрсету үшін төрешілерге 1239 теңге төленеді. «Осыған байланысты біз спорт төрешілерінің еңбекақысын тарифтеуді арттыру бойынша ұсыныстар дайындаудамыз. Бұл – іс жүзінде ерікті, ақы төленбейтін жұмыс. Сондықтан бұл жүйені қолға алу керек» деп есептейді Дәурен Абаев.

«ТОБЫЛ» – СУПЕРКУБОК ЖЕҢІМПАЗЫ



Футболдан Қазақстан біріншілігінің жаңа маусым шымылдығы суперкубок ойынымен ашылды. Қазақстан Суперкубогы үшін болған шешуші матчта «Қайрат» пен «Тобыл» командалары кездесті. «Астана Аренада» өткен матч 2:1 есебімен қостанайлық клубтың пайдасына аяқталды. Ойынның 30-минутында Серікжан Мұжиков пенальтиді сәтті орындап, қостанайлық клубты алға шығарды. Тоғыз минуттан кейін «Қайрат» шабуылшысы Жоао Пауло алыс бұрышты дәл көздеп, ғаламат гол соқты. Кездесудің екінші бөлігінде бас төреші Данияр Сахи «Тобыл» қақпасына пенальти белгілеп еді, дегенмен Рикардо Алвеш бұл мүмкіндікті мүлт жіберді. Ал 80-минутта алаңға шыққан Айбар Жақсылықов үш минуттан кейін жеңісті голды соқты. Бұл жолы нәтижелі пасты Серікжан Мұжиков өз атына жазды. Осылайша, қостанайлық «Тобыл» Қазақстан Суперкубогін екінші жыл қатарынан жеңіп алды.

ЕЛ ҚҰРАМАСЫ ФРИСТАЙЛ-МОГУЛДАН ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ



Жақын арада фристайл-могулдан Қазақстан командасы әлем кубогының екі көзегінде бірден өнер көрсетеді. Екеуі де Еуропада өтеді. Құрам анықталды және қазіргі уақытта спортшылар алдағы жарыстарға белсенді дайындалуда. Алдағы екі әлем кубогы кезеңі бірінен кейін бірі жүреді. Италиядағы жарыс екі күннен соң басталса, Франция маңызды турнирді 18-19 наурыз аралығында өткізеді. Сонымен қатар Италиядағы жарыс бағдарламасы тек параллель могул жарыстарынан тұрады. Ал Францияда спортшылар жеке екі сында да, параллель могулда да өнер көрсетеді. Қазақстан командасы дайындығын «Шымбюлакта» өткізуде. Оқу-жаттығу жиыны 22 ақпанда басталды. Әлем кубогының жалпы есебі туралы айтатын болсақ, командалығы ең үздік аралық көшбасшылар – Павел Колмаков пен Юлия Гальшеева.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

Наурыз айының басында АҚШ-тың Пенсильвания штатындағы «Хершипарк-аренада» өткен баскетбол ойынын тамашалау үшін аз адам жиналды. Себебі қалада таң ата себелеп жаңбыр жауып, күн күрт суытып кеткен еді. Десек те сол 4124 көрерменге тарихи сәттің куәсі болу бақыты бұйырды. Дамылысз әрі қарқынды шабуылмен өткен матч 169:147 есебімен алаң иелерінің пайдасына шешілді, яғни екі команданың нәтижелерін қоса алғанда олар 316 ұпайға иелік кетті. Одан бөлек, «Филадельфия Уорриорздың» ең белді ойыншысы Уилт Чемберлен бұл бәсекеде ҰБҚ-ның бес бірдей рекордын жаңартты. Сол көрсеткіштердің төртеуінің күні бүгінге дейін мұрты бұзылмай тұр.

Уилттың табыстарының ішіндегі ең кереметі – «Нью-Йорк Никске» қарсы кездесуде 100 ұпай жинауы. Оған дейін де рекордтық нәтиже дәл сол баскетболшыға тиесілі еді. 1961 жылдың 8 желтоқсанында «Лос-Анджелес Лейкерспен» шеберлік байқасқан



кезде Чемберлен 78 ұпай еншіледі. Арада үш ай өтпей жатып, америкалық жұлдыз 100 ұпайлық межеге жетті. Бір ғажабы, бойы көк тіреген баскетболшы осы ойында 63 рет допты шығырышқа лақтырып, соның 36-сы нұсанаға деп түсті. 32 айып добының 28-ін мүлтіксіз орындады. Осылайша оның есімі баскетболдың даңқ залында алтын әріптермен жазылды. Уилт Чемберлен 1936 жылдың 21 тамызында

ЖАРМАЙТҢ

АҚШ-тың Филадельфия қаласында дүниеге келген. Бойы – 216 сантиметр, салмағы – 125 келі. 1959-1968 жылдар аралығында Уилт өзінің туған жерінде жасақталған команданың намысын қорғады. 1968-1973 жылдары «Лос-Анджелес Лейкерстің» жейдесін киді. Екі рет ҰБҚ чемпионы атанып, төрт рет ең құнды ойыншы деп танылды. «Жұлдыздар матчында» 13 мәрте өнер көрсетті. Одан да

басқа көптеген толағай табыстарға қол жеткізді. Әр кездесу барысында орта есеппен 40-50 ұпайды қоржынға салып отырды. ҰБҚ тарихындағы ең үздік сұрмергендер тізімінде Чемберлен жетінші орында тұр. Уилттың алдынан тек Леброн Джеймс, Карим-Абдул Джаббар, Карл Мэлун, Коби Брайант, Майкл Джордан және Дирк Новицкий сынды атты аңызға айналған ойыншылар ғана орай алды. ҰБҚ жарыстарында кейіпкеріміз барлығы 31 419 ұпайды еншіледі. Чемберленнің көрсеткіші тағу арада жаңаруы екіталай. Өйткені одан кейінгі уақытта ойын алаңында жасындай жарқылдаған талай ганымал тұлғалардың бірде-біреуі оның рекордына маңайлай да алған соқ. Уилттан кейінгі ең жақсы нәтиже Коби Брайантқа тиесілі. 2006 жылдың 22 қаңтарында «Торонто Рэпторсқа» қарсы матчта «Лос-Анджелес Лейкерстің» серкесі өте тамаша ойын өрнегін көрсетіп, мол олжаға кенелді. Бірақ атағы жер жарған Брайанттың өзі 81 ұпайлық межеден аса алмады.



КӨКТЕМІГІ ТРЕНД: ҚАЙ ТҮС СӘНДЕ?

СӘНДЕ?

шалбар, атласты көйлек және көлемді сөмке сәнге айналады.

Бір қызығы, биыл жилет үлкен сұраныста. Ол арнайы бір киімдермен үйлеседі. Сондай-ақ тұлғаға одан әрі көрік береді. Базалық киім қатарына айналып үлгерген жылы жилеттің гардеробтан табылуы содан. Оны стильді етіп киюдің бір әдісі – шалбарлы костюмнің сыртынан кию. Бұл арқылы классикалық киім үлгісін тартымды ете аласыз. Сонымен бірге жилетті спорттық киімдердің сыртынан киісеңіз де ерекше сұлу көрінеріңіз сөзсіз. Оны тағы бір үйлестірудің қарапайым әрі ыңғайлы әдісі – жжуал киім үлгісіне қосу. Мұндай киім үлгісі күнделікті серулендеуге ыңғайлы. Бір айта көтерілгі, жилетті жеңіл күрткенге ішіннен киюге болады. Наурыздың басында күн әлі де салқын болатынын ескерген жөн. Мысалы, жұқа плащтың ішіннен сырлы тілген жилет киіп алыңыз. Мұндай үйлесім тоңдырмайды әрі стильді көрінеді. Егер сізде ерекше түсті немесе ашық деталі бар жилет болса, оны киім үлгісін айқындайтын элемент ретінде пайдалана аласыз.

Дизайнерлер ерекше киім үлгісін жыл сайын, әр мезгіл сайын ұсынып келеді. Оны байқаған арулар әлеуметтік желідеп дизайнерлердің, стилистердің парақшасын бақылауға алған. Бұл көбіне Нур-Сұлтан, Алматы қаласында байқалады. Қызылордалықтардың да киім-киісі, сән өлеміндегі өзгерістерге деген қызығушылығы жоғары. Сатушылардың айтуынша, тұтынушылар көбіне стилімен бірге матасына да мән береді. Бізде бағасы қымбат болса да түрік елінің киімдері сұраныста екен. Мәселен, қазір қандай сауда орталығына бас сұқсаңыз да тренчтен тауда ашпайсыз. Бұл ретте біз негізгі 3 артықшылықты ашып көрсетуді шештік.

Тренчкот немесе тренч бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын адамдардың гардеробын жаулай бастады. Сол кезде Burberry негізін қалаушы Томас Берберри ұсынған классикалық модель бізге өзгеріссіз жетті: Ақшыл-сарғыш түс, екі қатар ілгек, тоғасы бар белдік, эпелет. Тренчтің танымалдығы арқтан сайын оның түрлері де көбейіп келеді. Бүгінде габардиннен жасалған плащтарға тор сызылады, сурет салынады немесе ол түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Сапалы тренч 99% габардиннен тұрады. Габардин өте тығыз болатындықтан, ол тозуға төзімді. Сондықтан да ойланбастан сапалы терің сатып алуға болады, себебі оны жылдар бойы кие аласыз. Бұл плащ ауа өткізбейді, сол үшін желді күні жаурамайсыз. Сондай-ақ бұл сырт киім аса күтімді қажет етпейді. Еддетте оны кір жуғыш машинаға жуу ұсынылады, ал түскен дақ болса кез келген химиялық тазалау салондары оңай кетіреді. Сапалы классикалық тренч су өткізбейді. Ал тарихына келсек, тренчтің отаны – Ұлыбритания. Мұнда оның бұл қасиетін жоғары бағалайды. Тренчтердің құмды түстер гаммасы – шынымен де эмбебап нұсқа. Ақшыл-сарғыш немесе қоныр-қызғылт түс болсын, джинс шалбарымен де, көйлектермен де бірдей үйлесе береді. Оны етіпкен немесе кроссовкамен киюге болады. Оған қоса тренчтің екіжақты түрі бар. Оны теріс айналырлық кию арқылы күнделікті киім үлгісін толықтай өзгертуге болады.

Жоғарыда көктемде сәнде болатын киім үлгілеріне тоқталып өттік. Ендігі кезекте ыңғайлы әрі трендте болатын сөмкелерге де шолу жасасақ. Бақсақ, әр киіммен үйлесетін сөмке бар. Оның түрі мен матасы да рөл ойнайды. Киім үлгіңізді стильді әрі ерекше ету үшін бұл аксессуардың классикалық немесе әдеттен тыс түрлерін таңдай аласыз. Мәселен, Нобо баг немесе қал-сөмке – 2022 жылдың тренді. Ол сыртынан қарағанда шағын көрінгенмен іші сыйымды келеді. Сондықтан оның ішінде барлық қажет ұсақ-түйек заттарды салуға болады. Тоқылған сөмкенің де өзіндік ерекшелігі бар. Ол былтыр трендтен түспеді. Сонымен қатар іскерлік киім үлгісінмен жарасым табатын дизайн да кездеседі. Осыған қарап, сән өлемі нағыз бөсеке алаңы деуге негіз бар.

Жинақтаған
Мөлдір САБЫРЖАН

Кезекші редактор: Е.ШӨРІБЕК

БАЙҚАУ БАЙҚАУ БАЙҚАУ

«АЛТЫН САҚА» ОБАЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті Бала-лар жылына орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты: Балалар жылы қарсаңында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

- 1. БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ**
- 1. Жалпы ереже**
- 1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесіп ұйымдастырады.
 - 1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.
- 2. Байқау шарттары мен тәртібі**
- 2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.
 - 2.2. Жіберілген материалдарға пікір берілмейді және қайтарылмайды.
 - 2.3. Қатысушылардың материалдарын қабылдау 2022 жылдың 30 наурыздан басталып, 20 мамырға дейін жалғасады.
- 3. Материалдар басылмының аqmешit_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511**
- 3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:**
- 3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мольдлерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді.
 - 3.2. Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).
 - 3.3. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ өлшемі текістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматтының 2 бетінен аспау керек (титұлдық қоспағанда). Жұмыстың титұлдық бетінде келесі ақпаратты қысқартушы көрсету қажет: автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы.

JULDUZ - JORAMA!

(10 – 17 наурыз)

Тоқты
Көбірек жайт көңіліңізге қорқы салуы мүмкін. Өмірге шынайы, реалистік көзқараспен қарап үйреніңіз. Кейінгі мақсатыңызға жәрдемді өз бетіңізше іздеуіңіз керек, орын алуы мүмкін. Егер жоспарыңыз орындалмай, кедергілер көбіейп жатса, стратегияңызды өзгерту керек.

Торпақ
Жаңашылықты ақсап, өзіндік күтіп, түрлі дметалар бастап, сырт келбетіңізге өзгеріс енгізіңіз келеді! Бірақ мұндай бастамалар сағыз аяқталуы мүмкін. Өріптерстердің міндеті сізге жүктелуі мүмкін, бірақ бұл жайт басшылықтың назарынан тыс қалмайды. Алта сонында қолыңыз босап, бос уақытыңызды сүйіктіңізге арнай аласыз.

Егіз
Жаңа қызмет, серіктес, шабыт көзін іздегендер үшін алта сәтті болмақ. Қажет жерде қажетті уақытта болу арқылы қалағаныңызға ойланбаған жерден қол жеткізесіз. Бұрын жіберген қателіктерді түзетуге мүмкіндік беріледі. Материалды сала қиындық көлемейді, бірақ шығармалары қысқартуға тырысасыз. Ал махаббатта ақасты іс-әрекеттеріңізге баула болмайды.

Шаян
Жұмысыңызды ауыстырудың немесе жаңа жұбаны бастаудың қажеті жоқ. Оның орнына уақытты бірнеше күн санжайды немесе жақындылар ортасында өткізуге арнаңыз. Басшылық сізден барлық салаларда бірдей белсенділік таңытуды талап етеді. Қолыңыздан бәрі келеді, сондықтан бұрыннан жоспарлаған жағымды нәрсені өзіндік күнтізуде ұмытпаңыз.

Арыстан
Талпылау деңгейінде қалған жоспарыңыз бен идеяңызды жүзеге асыратын уақыт келді. Шығармашылық және эмоционалды шарықтау күтіп тұр. Бұл күннің қызынды жұмыс істеп, ақша табуға көмектеседі, бірақ жақындармен кикілкің туындауы мүмкін, реніштің көпке созылмайды. Бұрыннан қордалған мәселені талпылау қажет. Үйлену тойы мен ірі сатып алуларды бұл алта жоспарламаған дұрыс.

Бикеш
Адамдармен оңай тіл табысып, оны өз кәденіңізге жарата аласыз. Соның нәтижесінде серіктестерден жақсы ұсыныс түсуі мүмкін. Алтада оқуға байланысты мәселе күтіп тұр. Ең сәтті күндер алта соңында орын алмақ, сізге демалыс, ал жақындарыңызға жарыңыз қажет.

Таразы
Кез келген істе ішкі түйсігіңіз бен сәттілікке үміт артасыз. Бірақ жұлдыздар материалды қатты ескеріп, сенімділікке сенімділікке ауысуға кеңес береді. Ал қаржы саласында жақынның табыс көзінен айырылуы мүмкін, ал сіздің көрініше мансап жолында жоғарыламақ.

Сарышаян
Сіздің үнемі бәріне күмәнданатын әдетіңіз тіпті шегінен шықпақ. Орынсыз күмәнданып, жақсы мүмкіндіктерді жіберіп алуыңыз мүмкін. Жұлдыздар теңірдей қатты болуға кеңес береді. Сүйіктіңіздің туыстарымен қаржы-қатынасыңыз жақсы арнаға бұрылып, қиықарамзиді сапарға шығуыңыз мүмкін. Сауда-саттыққа жолыңыз болады.

Мерген
Аптаны үй мен тұрмысты жасартуға арнаңыз. Ойыңыз жүзеге асып, сізге лазат сыйлайды. Үй шаруасындағы белсенділік іскерлік белсенділікке ауысады, ұяқымды дауды шешіп, өзіндік жеке шаруарыңызбен айналысуға тура келеді. Жеке өмір мен махаббат екінің жоспарда.

Тауешкі
Аптада өзіндік еркін сезінесіз. Жоспарыңыз бағылаудан шығып, орындалуы сал кешеуілдеуі мүмкін. Бірақ уайымдамаңыз, барлығы орындалады, жағымды жаңалықтар, достарыңыз бен туыстарыңызбен кездесу күтіп тұр. Жұлдыздар тімді сауда жасап, отбасыңызға көңіл бөледі сұрады.

Сұқұйыш
Қоршаған ортада үлкен өзгеріс болмақ. Егер демалыс туралы ойланғып жүрсеңіз, онда уақыты келген сияқты. Ойлап болмаған жағдайда сұзды үйді жеңуде жұмыстары немесе қоныс ауаруды күтіп тұр. Аптаның жарысындағы материалды сұрақтар мазалауы мүмкін. Бірақ мәселе онынан шешіліп, өріптерстеріңіз немесе достарыңыз көмектеседі.

Балық
Мақсатты жүзеге асыру үшін импровизацияға мүмкіндік беру керек. Сонымен қатар аптада жұмыс істеу балықтар үшін күрделі болмақ. Сондан-ан (балықтарды) сыймақы немесе өткен айдағы еңбегіңіздің жемісін күтіп тұр. Бұған дейін айналысып тастап кеткен іске қайта оралуыңыз мүмкін.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.

«Ақмешіт жастары» облыстық газеті

ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРАБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС шемсірлерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.	Тарапымы: 8059 Тапсырыс: 339
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz	
БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ		